

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

**ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ**

№1 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

02.10.2023ж.

Қатысқандар: АК төрағасы - PhD, доцент м.а. Е.Б. Жиенбаев, АК мүшесі, академиялық персонал - PhD А.Қ. Мейірбеков, АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Н.Д. Қошанова, АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Ж.К. Суинжанова, АК мүшесі, академиялық персонал - А.Д. Байдаулетова, АК мүшесі, академиялық персонал - Ы.Е. Нурмагомбетова, АК мүшесі, академиялық персонал - Ш.А.Каримова, АК мүшесі, академиялық персонал - С.А. Қонысова, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – М.Еділбаева, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – М.Е. Нұралы, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Н.С. Зарбат, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – А. Қуанышбекқызы, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Р.Ж. Ашимов, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Е.Н. Бектаев, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Хакан Кылавуз.

Күн тәртібі:

1. АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелермен танысу, 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу
2. «Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігіне» (АРТА) постмониторинг есебін дайындау (7M02313 - Шетел филологиясы (ағылшын тілі), 7M02315 - Филология, 6B02332 – Шетел филологиясы: ағылшын тілі, 6B02335 – Аударма ісі: ағылшын тілі, 6B02336 – Филология: қазақ тілі, 6B02333 – Шетел филологиясы: түрік тілі)
3. Қыркүйек айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тындалды:

АК төрағасы Е.Б. Жиенбаев «Армысыздар құрметті АК мүшелері. Баршаңызды жаға оқу жылының басталуымен құттықтаймын. Бүгінгі мәжілісімізде академиялық комитет атқаратын жұмыстар мен ережелерді қарастырамыз. Сонымен қатар, 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымызды құрып, белгіленген тарауларды талқылаймыз. Мәжіліс отырысын ашық деп жариялаймын», -деп 28.09.2023ж күнгі №180а бұйрығымен бекітілген 2023-2024 оқу жылының Тілдер және әдебиет даярлау бағыты бойынша Академиялық кеңес құрамындағы өзгерістер жайлы баяндап өтті.

АК мүшесі, академиялық персонал - С.А. Қонысова сөз кезегін жалғастырып, «6B023-Тілдер және әдебиет» бағыты бойынша ережелермен таныстырып, жоспардың құрылым жайлы баяндады.

АК мүшесі, академиялық персонал ф.ғ.к. Н.Д. Қошанова ББ-ның сапасына қатысты мониторинг жұмыстарын жоспарға қосып, жүйелі түрде атқарылатын шаралардың нәтижелі болатынын атап көрсетті.

АК мүшесі, академиялық персонал PhD А.Қ. Мейірбеков жоспардағы ББ бойынша практика бағдарламаларына аудит ұйымдастыру жайлы өз ойларын түйіндеп, теориялық білімді практикамен ұштастырудың оңтайлы тұстарын атап көрсетті. Осы тұрғыда кәсіби біліктілікті арттыруда практиканың маңызды екенін көрсетіп, ұсыныстарын білдірді.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша АК мүшелерінің «Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігі» (АРТА) үшін жасаған (7M02313 - Шетел филологиясы (ағылшын тілі), 7M02315 - Филология, 6B02332 – Шетел филологиясы: ағылшын тілі, 6B02335 – Аударма ісі: ағылшын тілі, 6B02336 – Филология: қазақ тілі, 6B02333 – Шетел филологиясы: түрік тілі) постмониторинг есептері тыңдалып, талқыланды.

АК төрағасы Е.Б. Жиенбаев, АК жұмыстарын ұйымдастыру мен 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарының мазмұнын АК комитет мүшелерімен берге талдап, атқаралатын іс-шаралар мен семинарлардың тақырыптарын бекітті.

Осы орайда АК мүшелерінің «Отандық және шетелдердегі ЖОО-ларда ББ мониторинг жасау тәжірибесі» жайлы ізденіс жасап, материал жинақтауы ұсынылды.

Шешім:


1. Тілдер және әдебиет даярлау бағыты бойынша Академиялық Комитеттің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс және мәжіліс жоспары бекітілуге ұсынылсын
2. Қыркүйек айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:



Е.Б. Жиенбаев

Хатшысы:



С.А. Қонысова